

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ФИЛОЛОГИЯ, ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ  
ФАКУЛЬТЕТІ  
ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ: ТАРИХЫ, ҚАЗІРГІ ЖАЙЫ ЖӘНЕ  
КЕМЕЛДЕНУІ»

атты республикалық ғылыми-теориялық және әдістемелік  
конференция

Алматы

«Арыс»

2012

## МӘТІН ЛИНГВИСТИКАСЫ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖАҢА ЗЕРТТЕУ БАҒЫТТАРЫ

<i>Байғұтова А.М., Танабаев Т.Ө.</i> «Қазақ әйелі» концептісіне қатысты зергерлік бұйымдардың сакральды мәні.....	112
<i>Жусанбаева С.Б.</i> Сөз мағыналарының өлең мәтінінде құбылулары.....	116
<i>Жұбаева О.</i> Жақ категориясы – ментальділік көрсеткіші.....	121
<i>Күркебаев К.</i> Семантикалық үшбұрыш – мағына өлшемі.....	127
<i>Ли Ынджин.</i> Қазақ және корей мақал-мәтелдерін салыстыра және салғастыра зерттеу.....	130
<i>Манкеева Ж.А.</i> Көркем мәтін тіліндегі көріктеу құралдарының этномәдени мазмұны.....	134
<i>Рахимова А.М.</i> «Интеллект» концептісін айқындайтын ұғымдар.....	136
<i>Рүстембекова Б.Д.</i> Мәтін және сөз жанрларына ғылыми көзқарастарды жүйелеу.....	141
<i>Шалабай Б.</i> Мәтін түзудегі ойталқының рөлі.....	148
<i>Шалабай Б., Ермакашева Э.Б.</i> Ойталқының түрлері.....	151

## ТІЛДІ МЕНГЕРТУДІҢ ТЕОРИЯСЫ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

<i>Аширова А.Т.</i> ЖОО білім сапасын арттырудағы жаңа технологиялармен оқытудың мүмкіндіктері.....	154
<i>Аязбаева С.</i> Қазақ тіліндегі болымсыз мағына туралы көзқарастар, олардың зерттелуі.....	157
<i>Әлісжан С.Қ.</i> Ғылым саласындағы коммуникативтік жағдаяттар және оның тілдегі көрінісі.....	164
<i>Ескермесова Г.А.</i> Қазақстан халықтарына ортақ тілдік бірліктер.....	168
<i>Жұматаева З.Н.</i> Қазақ тілін түріктілді студенттерге оқытудың тілдік және мәдениеттанымдық қыры.....	172
<i>Құрманбаева А.Ж.</i> Іс қағаздар тілінің қолданылу аясы.....	174
<i>Мамаева М.</i> Жай сөйлем типті мақал-мәтелдердің орын тәртібі арқылы байланысу ерекшеліктері.....	178
<i>Момынова Б.</i> Коммуникацияның көмекші құралдарының оқыту процесіндегі орны мен маңызы жайында бірер сөз.....	181
<i>Омарова Б.А.</i> Ойсергектер – инновациялық оқытудың құрамдас бөлшегі.....	186
<i>Сейдалиева С.Ө.</i> Қазіргі қазақ тілін оқытудың жай-күйі.....	191
<i>Смағұлова Г.</i> Магистратурада «мәтін лингвистикасы» пәнінен өздік жұмысты ұйымдастыру.....	192
<i>Суттибаев Н.А., Тастемирова Б.И., Гумарова Ш.Б.</i> Шетел тілін оқытудағы заманауи инновациялық технологиялардың тиімділіктері мен ерекшеліктері.....	196

## ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ДИАЛЕКТОЛОГИЯСЫ

<i>Досжан Р.А.</i> Отыр көмекші етістігінің тарихи сипаты.....	199
<i>Китманова М.З.</i> Түркизімдердің фонетикалық жақтан игерілуі.....	203

ғылыми ізденісін нәтиже беретіндей ұйымдастыру және әрдайым рейтингіні көтеруге мүдделі ету, жоғары үлгерім қорытындысына әкеледі.

## ШЕТЕЛ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІКТЕРІМЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Суттіббаев Н.А., Тастемирова Б.И., Гумарова Ш.Б., ҚазҰУ оқытушы және аға оқытушылары*

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» Қазақстан халқына арналған жолдауында көрсетілгендей, білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі – оқытудың заманауи инновациялық технологияларын енгізу, халықаралық ғалами қатысымға байланысқа шығу, білім беруді ақпараттандыру болып табылады. Ал қазіргі таңда білім беру технологиялары кең тарала бастады, олар уақыт пен қоғамдық сұраныстарды жоғары деңгейде қанағаттандыруға бағытталған.

Ендеше, «Инновация» ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әр түрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э. Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Ш. Таубаева «Инновация – арнайы жаңа өзеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз» дейді.

Сонымен «инновация» ұғымы – педагогикалық сөздік қорына ежелден енген термин. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жаңа», жаңалық енгізу деп көрсетілсе, кейбіреулер оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды.

Инновация термині қазіргі кезде білім берудің теориясымен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Бірақ, ғылымда бұл терминнің нақтылы анықтамасы белгілі категория ретінде берілмеген. Берілген анықтамалардың көпшілігі бұл ұғымды кеңінен терең таныта алмайды.

Қазақстан мемлекетінде «инновация» ұғымын пайдалану соңғы бес жылдың енісінде. Ең алғаш «инновация» ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Немеребай Нұрахметов. Ол «Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі» деп жазды. Ал инновация негізін құраушы ұғымдардың: «инновация», «нововедение», «ношество», «ново», т.б. қазақша аудармаларын жасаған Ы. Алтынсарин атындағы білім мәселелерін ғылыми-зерттеу институтының әдіскері Қ. Құдайбергенова болып табылады. Ол өз еңбектерінде «инновация» нақты қойылған мақсатқа сай салынған жаңа нәтиже деп есептеп, төмендегідей аудармалар жасаған: «инновация» - жаңарту, «нововедение» - енген жаңалық, «новое» - жаңа, «новшество» - жаңалық, «инновациялық процесс» - жаңарту үрдісі.

Соңғы жылдары Қазақстанның білім беру жүйелерінде П. Эрдниевтің дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы, Д. Эльконин мен В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш. Амонашвилидің ізгілікті-тұлғалық технологиясы, В. Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М. Чошановтың проблемалық оқыту технологиясы, М. Жанпейісованың модулді оқыту технологиясы, В. Монаховтың, В. Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары қолданылуда. Қазақстанда Ж. Қараевтың, Ә. Жүнісбектің және тағы басқа ғалымдардың компьютерлік оқыту технологиялары кеңінен танымал.

Осы әдістердің ішінде шетел тілі сабақтарында қолданылып, қолдау тауып жүргендерін, олардың тиімді жақтарын атап өткіміз келеді. Модулдік әдіс оқушылардың

теориялық білімді аз уақытта меңгеріп, шығармашылық жұмыстарға баулуға мүмкіндік береді.

Бірлескен ұжымдық іс-әрекетке негізделген оқыту технологиясы тиімді пайдаланған жағдайда ғана нәтижелі болмақ. Ол нәтижелер:

- білім алушы өздігінен оқып, түйінді мәселелерді іріктеп алуы;
- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- оқуға деген қызығушылығының артуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігі, тапқырлығы, шешім қабылдау әрекетінің дамуы;
- шығармашылықпен айналысуға талпынысы;
- өзіндік пікір айтуы.

Сын тұрғысынан ойлау, яғни оқу мен жазуды дамыту бағдарламасы – білім алушының мұғаліммен, құрбы-құрдастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып қиындықты жеңуге көмектесетін технология.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасын терең түсініп, әдістерін тиімді пайдаланылған кездегі жететін жетістіктер мына төмендегідей:

- білім алушылар өз бетінше ізденуге үйренеді;
- сұрақ қойып, сұрақтарға жауап беруге дағдыланады;
- мәселенің ең негізгі түйінін табуға машықтанады;
- ынта-ықыластарын одан әрі дамытуға мүмкіндік жасалады;
- ақпаратты саралауға, жүйелеуге дағдыланады;
- білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау әрекеттері, шығармашылық белсенділіктері бағаланады.

Шетел тілі заңдылықтарын меңгерту барысында бала білімін оқушы деңгейінен шығармашылық деңгейге жетелеуде Д. Эльконин және В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясының элементтерін, оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану үлкен нәтижеге жеткізеді. Деңгейлеп-саралап оқытудың әдіс-тәсілдері арқылы білім алушылар:

- төменгі деңгейлік тапсырмалар бойынша өз бетімен жұмыс істеуге бейімделіп, берілген тілдік материалды дұрыс түсініп, ойын қорытындылайды;
- ортаңғы деңгейлік тапсырма бойынша оқушы теориялық негізде алған білімін тіжірибе жүзінде іске асырады, тақырып бойынша өз ойын қорытып, өткен тақырып материалдарымен салыстырады, өз бетімен жұмыс істеуге талпынады;
- жоғары деңгейлік тапсырма білім алушының іс-әрекеті арқылы жүзеге асады, ойлау, іздену, шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеті дами түседі, сөздік қоры молайып, сауаттылығы артады, ойын жүйелі, дұрыс жеткізуге тырысып, тіл заңдылықтарын ауызша, жазбаша тіл мәдениетінде қолдануға, құбылыстарды өз ойымен жеткізуге қабілеттері ашылып, өзіндік ой-пікір қалыптасады, жаңа білім игеріледі, тың мәселелер шешіледі.

Заманауи технология әдістері әрбір білім алушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етді, яғни білім сапасын арттырады.

Оқыту технологияларын сабақта тиімді қолдану білім алушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, оларды жеке тұлға ретінде қалыптастыруға әсерін тигізеді. Инновациялық әдіс-тәсілдерді мән-мағынасына, ерекшеліктеріне қарай тандап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. «Егемен Қазақстан», 16 қазан, 2004.

2. Давыдов В.В. и др. «Организация развивающего обучения в V-IX классах средней школы» Психологическая наука и образование. Москва, 1997.
3. Амонашвили Шалва Александрович. «Личностно-гуманная основа педагогического процесса», Минск, 1990.
4. Шаталов Н.В. «Опыт краеводческой исследовательской работы школьников» Исследовательская работа школьников. Москва, 2005.
5. Чошанов М. А. «Гибкая технология проблемно-модульного обучения» Методичное пособие. Москва, 1996.
6. Жанпеісова М.М. «Модулдік оқыту тхнологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2002.
7. Қалиева М. «Білім беру технологиялары және оларды оқу-тәрбие үрдісіне ендіру жолдары». Алматы, 2002.
8. Сабыр Айнұр. «Жаңа инновациялық әдістер тиімділігі». Алматы, «Қазақстан мектебі», 2009.
9. Таубаева Ш. «О структуре инновационного процесса в школе» Проблемы повышения уровня обучения и воспитания в казахской школе. Материалы республиканской научно-практической конференции. Алматы, 1996.
10. Нұрахметов Немеребай Нұрахметұлы, Мұқан Байпақбайұлы Мұратбеков, Әуезхан Кәріпханұлы Тәшенов; «Бейметалдар химиясы» оқу құралы Әл-Фараби атын. ҚазҰУ. Алматы: Қазак университеті, 2009.